



ЖАҢА 2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫ



Жаңа оқу жылы қашықтан білім беру форматында басталады



Ата-аналардың тілектері мен өтініштері бойынша бастауыш сынып оқушылары мектепке барып оқи алады

EDU NEWS



МЕКТЕП ФОРМАСЫ

Мектеп формасына қойылатын талаптар жойылмайды, бірақ тиісті бұйрыққа уақытша өзгерістер енгізілді. Яғни ата-аналар жаңа оқу жылында (1 қыркүйектен бастап 25 мамырға дейін) баласын мектепке мектеп формасымен немесе басқа ыңғайлы киіммен жіберуге қатысты шешімді өзі қабылдайды

EDU NEWS



1-4 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН КЕЗЕКШІ СЫНЫПТАР



Кезекші сыныпта созылмалы аурулары жоқ балалар ғана білім ала алады (өтініште көрсетіледі)



Өтініштерді сынып жетекшілері қолжетімді байланыс құралдары арқылы қабылдайды



Кезекші сыныптарды 25 тамыздан кейін бекітеді



Бір сыныпта оқушы саны 15-тен аспайтын болады



Сабақтың ұзақтығы 40 минутты құрайды



БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ



Карантиндік және шектеу шаралары жағдайында 1-11(12) сыныптарда оқу жетістіктерін бағалау жүйесіне қатысты уақытша өзгерістер енгізілді



Жаңа оқу жылында тоқсан сайын бөлім үшін 1 жиынтық жұмыс және тоқсан үшін 1 жиынтық жұмыс жүргізіледі




Тоқсандық бағалау күнделікті бағалау, БЖБ және ТЖБ көрсеткіштері негізінде шығарылатын болады



ТЕЛЕСАБАҚТАР



Дүйсенбіден жұмаға дейін «Балапан» және «Ел-Арна» республикалық телеарналарында қосымша білім беру ресурсы ретінде пайдалану үшін телесабақтар көрсетілетін болады



EDU NEWS



МЕКТЕПТЕРДЕГІ САНИТАРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



Білім алушылар мен педагогтердің дене қызуы күн сайын өлшенетін болады



Білім беру ұйымдары зарарсыздандыруға арналған құралдармен, аяқ киімді зарарсыздандыруға арналған кілемшелермен, санитайзерлармен қамтамасыз етіледі



Әрбір екінші сабақтан кейін кабинеттерде және әр үзілістен кейін, ауысымдар арасында, дәліздерде, холлдарда ылғалды тазарту жұмыстары жүргізілетін болады.



Сабақтар арасындағы үзілістер әр сыныпқа әр түрлі уақытта беріледі



Мектеп асханасы мен буфеттің қызметі уақытша тоқтатылды



Ата-аналар балаларды мектепке алып келіп, үйіне өзі алып кетуі керек